

**Қызметі дүркін-дүркін сипаттағы кәсіпкерлік қызметке бір жолғы талон құнын  
2010 жылға белгілеу туралы**

**Күшін жойған**

Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы  
N 154-IV шешімі. Исатай аудандық Әділет басқармасында 2010 жылғы 22  
қаңтарда N 4-4-152 тіркелді. Күші жойылды - Исатай аудандық мәслихатының  
2011 жылғы 25 қаңтардағы № 247-IV шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Исатай аудандық мәслихатының 25.01.2011 № 247-  
I V ш е ш і м і м е н .**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 8 және 36 баптарының негізінде Исатай аудандық салық басқармасының 2009 жылғы 11 қарашадағы № 1871 санды ұсынысын қарап, аудандық мәслихат

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Е Д І :**

1. Қызметі дүркін-дүркін сипаттағы кәсіпкерлік қызмет түрлерінің тізбесі мен кәсіпкерлік қызмет түрлеріне берілетін бір жолғы талон құны 1 қосымшаға с ә й к е с б е л г і л е н с і н .

2. Бір жолғы талон негізіндегі арнайы кәсіпкерлік қызмет түрлерінің тізбесі мен кәсіпкерлік қызмет түрлеріне берілетін бір жолғы талон құны 2 қосымшаға с ә й к е с б е л г і л е н с і н .

3. Аталған шешімнің орындалуын бақылауға алу аудандық мәслихаттың бюджет, қаржы, кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық, экологиялық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына (С. Қабделов) жүктелсін.

4. Шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихаттың кезекті**

**XVI сессиясы төрағасы**

**С. Қабделов**

**Аудандық мәслихат хатшысы**

**Ж. Қадимов**

**2009**

**жылғы**

**23**

**желтоқсандағы**

**№**

**154 - IV**

**н о р м а т и в т і к**

**құқықтық кесімге 1-қосымша**

## Қызметі дүркін-дүркін сипаттағы кәсіпкерлік қызмет түрлеріне берілетін біржолғы талон құнының тізбесі

| р/с № | Кәсіпкерлік қызмет түрлері                                                             | Бір күндік талон құны (теңге) |
|-------|----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------|
| 1     | Тұқым егетін көшеттер мен ағаш көшеттерін сату                                         | 30                            |
| 2     | Бау-бақша өнімдерін сату                                                               | 50                            |
| 3     | Бау-бақша өнімдерін көлік құралдарында сату                                            | 250                           |
| 4     | Саяжайларда тұрғын үй учаскелерінде өсірілген гүл өнімдерін сату                       | 30                            |
| 5     | Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшалық және саяжай учаскелерінің өнімдерін сату | 100                           |
| 6     | Жем шөп сату                                                                           | 300                           |
| 7     | Жеке меншік трактормен жер учаскелерін өңдеу жұмыстары                                 | 250                           |
| 8     | Газет және журналдар сату                                                              | 50                            |
| 9     | Жеке адамдардың өз малдарынан алынатын өнімдерін сату:                                 |                               |
| 10    | Ет                                                                                     | 200                           |
| 11    | Сүт                                                                                    | 50                            |
| 12    | Балық сату                                                                             | 100                           |
| 13    | Ұсақ мал сату (әр басына)                                                              | 50                            |

2009 жылғы 23 желтоқсандағы  
 № 154 - IV нормативтік  
 құқықтық кесімге 2-қосымша

## Бір жолғы талон негізіндегі арнайы кәсіпкерлік қызмет түрлерінің тізбесі

| р/с № | Кәсіпкерлік қызмет түрлері                     | Бір күндік талон құны (теңге) |
|-------|------------------------------------------------|-------------------------------|
| 1     | Азық-түлік өнімдерін сату                      | 100                           |
| 2     | Нан және ұннан жасалған өнімдерді сату         | 80                            |
| 3     | Сүт және сүттен жасалған өнімдерді сату        | 50                            |
| 4     | Киімдер мен аяқ киімдер сату                   | 160                           |
| 5     | Парфюмерия, косметика сату                     | 160                           |
| 6     | Ойыншық, сувенирлер сату                       | 160                           |
| 7     | Шаруашылық тауарлар, ыдыс аяқ, хрусталдар сату | 180                           |
| 8     | Кеңсе бұйымдарын сату                          | 120                           |
| 9     | Қосалқы бөлшектерін сату                       | 200                           |
| 10    | Шаруашылық өнімдерін                           |                               |
|       | а) Ет сату                                     | 300                           |
|       | б) Құс, шұжық, сыр тағамдарын сату             | 120                           |
|       | в) Май тағамдарын сату                         | 120                           |
|       | г) Кондитер тағамдарын сату                    | 120                           |
|       | д) Жұмыртқа сату                               | 50                            |

|    |                                                                                                          |     |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
|    | ж) Жеміс-жидек, көкіністер сату                                                                          | 100 |
| 11 | Азық-түлік өнімдерін көлік құралдарынан сату                                                             |     |
|    | а) Жүк автокөлігімен сауда қызметін көрсету/тамақ өнімдерін және жеміс жидектерін сату/1,5 тоннаға дейін | 250 |
|    | б) Жүк автокөлігімен сауда қызметін көрсету /тамақ өнімдерін және жеміс жидектерін сату/ 5 тоннаға дейін | 400 |
| 12 | Балық өнімдерін сату                                                                                     | 200 |
| 13 | Ұсақ түйек тағамдар сату (чай, самса, т.б.)                                                              | 60  |
| 14 | Теріден жасалған бұйымдар сату                                                                           | 200 |
| 15 | Мал сату ірі қара 1 басқа                                                                                | 300 |
| 16 | Ұсақ мал сату 1 басқа                                                                                    | 50  |
| 17 | Киім тігу, тоқып сату                                                                                    | 200 |
| 18 | Жүннен тоқылған өнімдер сату /кілемше, шұлық, қолғап т.б./                                               | 50  |
| 19 | Құс сату 1 бас                                                                                           | 80  |
| 20 | Балапан сату (10 бас)                                                                                    | 75  |
| 21 | Қамыс байлау, сату (қамыс плита)                                                                         | 200 |
| 22 | Құрылыс заттары (цемент, ағаш, шифр т.б)                                                                 | 250 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК